

Торайғыров университетінің
ҒЫЛЫМИ ЖУРНАЛЫ

НАУЧНЫЙ ЖУРНАЛ
Торайғыров университета

ТОРАЙҒЫРОВ УНИВЕРСИТЕТІНІҢ ХАБАРШЫСЫ

Филологиялық серия
1997 жылдан бастап шығады



ВЕСТНИК ТОРАЙҒЫРОВ УНИВЕРСИТЕТА

Филологическая серия
Издается с 1997 года

ISSN 2710-3528

№ 3 (2025)

Павлодар

**НАУЧНЫЙ ЖУРНАЛ
ТОРАЙГЫРОВ УНИВЕРСИТЕТА**

Филологическая серия

выходит 4 раза в год

СВИДЕТЕЛЬСТВО

О постановке на переучет периодического печатного издания,
информационного агентства и сетевого издания

№ KZ30VPY00029268

выдано

Министерством информации и общественного развития
Республики Казахстан

Тематическая направленность

публикация материалов в области филологии

Подписной индекс – 76132

<https://doi.org/10.48081/SSBG3232>

Бас редакторы – главный редактор

Жусупов Н. К.

д.ф.н., профессор

Заместитель главного редактора

Анесова А. Ж., *доктор PhD*

Ответственный секретарь

Уайханова М. А., *доктор PhD*

Редакция алқасы – Редакционная коллегия

Дементьев В. В., *д.ф.н., профессор (Российская Федерация)*

Еспенбетов А. С., *д.ф.н., профессор*

Трушев А. К., *д.ф.н., профессор*

Маслова В. А., *д.ф.н., профессор (Белоруссия)*

Пименова М. В., *д.ф.н., профессор (Российская Федерация)*

Баратова М. Н., *д.ф.н., профессор*

Аймухамбет Ж. А., *д.ф.н., профессор*

Шапауов Ә. Қ., *к.ф.н., профессор*

Шокубаева З. Ж., *технический редактор*

За достоверность материалов и рекламы ответственность несут авторы и рекламодатели

Редакция оставляет за собой право на отклонение материалов

При использовании материалов журнала ссылка на «Вестник Торайгыров университета» обязательна

<https://doi.org/10.48081/NRQL3381>

***Н. Р. Ескендіров¹, Қ. К. Молжаждаров², А. А. Шапауова³,
Ж. Т. Қадыров⁴, Р. Ж. Әлімбеков⁵**

^{1,5}К. Байсейітова атындағы

Қазақ ұлттық өнер университеті,

Қазақстан Республикасы, Астана қ.;

²Ш. Уәлиханов атындағы Көкшетау университеті,

Қазақстан Республикасы, Көкшетау қ.;

³Жеке кәсіп шығармашылығы,

Қазақстан Республикасы, Астана қ.;

⁴М. Қозыбаев атындағы

Солтүстік Қазақстан университеті,

Қазақстан Республикасы, Петропавл қ.

¹ORCID: <https://orcid.org/0000-0003-4303-8685>

²ORCID: <https://orcid.org/0000-0002-9883-8228>

³ORCID: <https://orcid.org/0009-0001-2595-0278>

⁴ORCID: <https://orcid.org/0000-0001-5494-9105>

⁵ORCID: <https://orcid.org/0000-0003-0276-3581>

*e-mail: mr.nartay.1986@mail.ru

ТҮРКІ ХАЛЫҚТАРЫНЫҢ ДРАМАТУРГИЯСЫ МЕН ТЕАТР ОЙЫНДАРЫНДАҒЫ ФОЛЬКЛОРЛЫҚ ЭЛЕМЕНТТЕР (ҚАРАШАЙ-БАЛҚАР ЖҰРТЫНЫҢ ПЬЕСАЛАРЫ НЕГІЗІНДЕ)

Мақалада зерттелгені отырған өзекті тақырып – қазақ халқымен туыс Солтүстік Кавказ өңіріндегі түркі тектес қарашай және балқарлардың фольклорлық драматургиялық театрландырылған ойындарындағы салт-дәстүр көріністері, сахна өнерінің бастауы және даму ерекшеліктері қарастырылады. Ауыз әдебиеті мұраларындағы алғашқы драмалық элементтер, қолжазба және қазіргі пьесаларының көркемдік шеберлігі мен идеясы және қазақ халқымен мәдени-рухани байланысы, интеграциясы, ұлттық-этникалық идеялар парадигмасы зерделенеді.

Солтүстік Кавказ аймағындағы түркі халықтарының драматургиясы мен театр өнерін зерттеу бірінші рет тарихи-мәдени,

хронологиялық, аумақтық, халықаралық ынтымақтастық, пәнаралық негізде жүйелі жұмыстың нәтижесінде жүзеге асады. Қарашай, балқарлардың драмалық шығармаларына, сахналық қойылымдарына, рольдерде ойнаған алғашқы дала актерларының шеберлігі де арнайы сөз болады. Қолжазба пьеса мәтіндері драматургия заңдылығымен талданады. Драмалық туындылардың таралу ауқымын, сонымен қатар қолжазба пьесаны алғаш көшірушілер мен оны оқушылар, сахналану ортасы да анықталады. Алғашқы пьесаларының қай тілде жазылып немесе түпнұсқадан көшірілген қолжазбасын тауып, кейінгі нұсқаларымен және туыстас қарашай, ноғайлардың драмалық шығармаларымен салыстыру арқылы зерделенеді, көркемдік тұрғыдан шеберлігі танылады. Қарашай-балқарлардың қолжазба сахналық қойылымдары мен қазіргі кәсіби театр өнері жаңа ғылыми парадигма негізінде салыстырмалы түрде зерттеледі.

Кілтті сөздер: қарашай, балқар, театртану, түркі халықтарының драматургиясы, түркі фольклоры, кавказдағы түркілер, өнертану.

Кіріспе

Солтүстік Кавказ аймағындағы қарашай мен балқар халықтарының драматургиясы мен театр ойындарының бастауы фольклорлық мұраларында жатқаны жан-жақты талданады. Негізгі дереккөздер ретінде аталған халықтардың мәдени мұрасы мен өнертануы бойынша пікір білдірген қаламгерлер мен зерттеушілерінің сын кітаптары, монографиялары мен жалпы пікірлері және осы бағытта зерттеп жүрген шетелдік ғалымдардың да еңбектері пайдаланылады.

Сондай-ақ, кавказ аймағындағы түркі халықтарының (ноғай, балқар, қарашай, құмық, қарайым, гагауыз) драма өнері зерттеушілер назарынан тыс қалған деп айтуға толық келмейді. Алайда, бұл тақырып бойынша ізденулер шамалы ғылыми еңбектермен, баспасөз бетіндегі мақалаларымен ғана шектеледі. Негізінен осы тақырып аясында М. И. Зүлфукарованың [1], М. А. Гусейнова [2], Г. А. Сұлтанова [3], А. И. Манов [4], G. Doerfer [5], Ф. Узденова [6], Ф. Урусбиева, [7], А. Сарбашева [8], А. Sharauov [9] т.б. зерттеушілердің еңбектерін атап өтуге болады. Олардың көпшілігі белгілі бір кезеңдегі драматургияның жеке бағыттары, жазушы-драматургтердің шығармашылығы жайындағы еңбектер.

Күнтізбелік және отбасылық ғұрыптар мен соларға байланысты поэтикалық мәтіндерде драма мен театрдың негізгі құрамдас бөліктері орын алған: диалог, монолог, кейіпкерлер, актерлік ойын элементтері, көрермен, реквизит, сахналық алаң, декорация, костюмдер, бетперделер.

Рәсімдердің құрылымында көңіл көтеруге арналған элементтердің (айналма ән-билер, ритуалдық билер, түрлі ойын-сауық түрлері) болуы көрермендік әсерді күшейтеді.

Түркі халықтарының басым көпшілігі көшпелі және отырықшы мәдени-тұрмыста болғандықтан да фольклорлық мұрасы салыстырмалы түрде әлем мәдениеті тұрғысынан алғанда жоғары деңгейде дамыған.

«Түркі мәдениетін өз кезегінде солтүстік және оңтүстік деп екі қанатқа бөлуге болады. Түркі өркениетінің Оңтүстік қанатында әзірбайжан, өзбек, ұйғыр, анадоли - балқан мәдениеті кірсе, солтүстік қанатына башқұрт, қырым татарлары, татар, қазақ, қырғыз, қарақалпақ, ноғай, Сібірдегі туыстас түркілер, солтүстік кавказ елдерін жатқызуға болады. Солтүстік қанат түркі мәдениетінің саф, таза, негізгі қалпын сақтап қалса, оңтүстік осы саф мәдениетті жетілдіріп, өңдеп, нәзік және биязы қалыпқа келтірген. Солтүстіктің тілі қаншалықты көне және жуан болса, оңтүстіктің тілі соншалықты жаңа және нәзік. Солтүстіктің музыка аспаптары қаншалықты қоңыр дауысты және табиғи болса, оңтүстіктің аспаптары соншалықты жіңішке дауысты. Мысалға домбыра екі ішектен тұрса, Анадолидағы бағлама жеті ішектен тұрады. Оңтүстікте араб-парсы және жалпы қала мәдениетінің, көшпелі дүниетанымы үстем» [10, 20-б.], – деген пікірден түркі мәдениетінің ортақ болмысы танылады.

Бұл мақалада қарашай мен балқар түркілерінің алғашқы драмалық және театр ойындарының бастауы фольклорлық мұралардан бастау алатыны және қазіргі кезеңдегі дамуы, зерттелуі, сахналануы мәдениет пен өнертану заңдылығымен зерделенеді.

Материалдар мен әдістері

Зерттеу барысында салыстырмалы-тарихи талдау, мәтіндік және бақылау әдістері мен тәсілдері негізгі басшылыққа алынды. Сонымен қатар түркі халықтарының драматургиясын, қойылымдарының сахналануын тарихи-мәдени, рухани, әдеби аспектіде қарастыру, салыстырмалы түрде зерттеу, материалдарды жүйелеу, топтау, өңдеу, пьеса мәтіндерін саралау тәсіл-амалдары да жүзеге асырылды.

Нәтижелер және талқылау

Өнер мен әдебиет – өмірді танудың бастауы. Қарашай-балқар халқының драматургиясы мен театр өнері – фольклорлық элементтер арқылы ұлттық рухты сақтап, сахналық өнермен ұштастыра дамыған айрықша құбылыс. Бұл құбылыс тек осы жұртқа ғана тән емес, бүкіл түркі халықтары драматургиясының ортақ

«Драма – әдебиеттің дербес әрі маңызды жанрларының бірі. Ол жазылу формасы мен қоғамдағы рөлі тұрғысынан эпостық және лирикалық шығармалардан айрықшаланады. Драмалық шығармалар бір мезгілде

әрі әдеби туынды, әрі театр өнерінің негізін құрайтын материал болып табылады» [11, 203-б.], – дейді Б. Жұмақаева.

«Қазақ халқымен туыстас солтүстік кавказ өңіріндегі түркі тектес ұлттар ноғай, қарашай, балқар, гагауыз, құмық сияқты байырғы аз халықтардың тарихы мен салт дәстүрі, фольклордағы драма жанрының элементтері, ойын-сауық кештердегі шағын сахналық қойылымдары да ерте ғасырлардан бастау алатыны ақиқат. Олардың әдебиеті мен мәдениеті – түркі халықтарының тарихынан ерекше орыны бар» [12, 136-б.], – деп пікір ұсынады ғалым Ә. Шапауов өз зерттеуінде.

Түркі тілдес халықтардың салт-дәстүрі, әдет-ғұрпы, тұрмыс-тіршілігі бір-біріне ұқсас, көшпелі ел болғандықтан олар да атқа мініп, көшіп қонып көк аспанның астында ғұмыр кешкен. Адам шыр етіп дүние есігін ашып, о дүниеге аттанғанға дейін барлық жөн-жоралғылары салт-дәстүрге сай жасалған. Мысалы: шілдехана, сүндет той, үйлену той, құдалық, әртүрлі мерей тойлар мен қаралы жиындарда аталған халықтарда барлығына тән ортақ. Ноғай, қарашай, балқар, гагауыз, құмық халықтарда да қазақтар сияқты би-шешендердің өнері кеңінен тараған. Түркі тілдес елдердің халқы бақсы - балгерлердің ем-домына емделіп, тылсым дүниенің бар екеніне сенген. Академик С. Қасқабасов: «Қазақ еліндегі неше түрлі сөз майталмандары (осы күнгі жыршылар, жыраулар, өлеңшілер, ертекшілер, әңгіме – шежірешілер) – ең алдымен ежелгі мұраны сақтаушылар. Олардың шеберлік творчествосының басты ерекшеліктері елдің ежелгі мұрасы мен мәдениетін біліп, түсінумен бірге сақтап, нақышына келтіре орындап, басқа адамдарға, көпшілікке таратуында, келесі ұрпаққа жеткізуінде, жеткізе білуінде. Бұл ерекшелік тек психологиялық қасиеттерге, жаттау қабілетіне, музыкалық талантқа, әсем дауысқа ғана байланысты емес, сонымен қатар сөз шеберінің ішкі өнерпаздық дарынына, халық поэзиясының нәрін түсіне білуіне, оның сыр – сипатын, қасиетін жақсы танып, толық меңгеруіне байланысты [13, 42-б.]» – деп жазған.

Қарашай-балқарлардың фольклорлық, драматургиялық, театрландырылған ойындарындағы элементтер көріністері ежелгі уақыттардан бастап пайда болған. Еңбек және мейрам кезіндегі дәстүрлер, ертегілер мен оқиғалар, ән-бимен айналысқан хандық жүйені құлатқаннан кейін өздерінің мәдениетін, тілін дамытқан. Ол туралы: «В аналогичном положении находились многие народности, проживающие на территории Северного Кавказа. До революции они даже не знали, что означает слово «театр», «актер», «режиссер», «пьеса», «спектакль». Функции театра (если можно так выразится) выполняли здесь «таурухчу» (сказочники), «джырчи» (песенники), всевозможные обряды и народные зрелища, которыми сопровождалась религиозные или трудовые

празднества» [14, 4-б.], – деп жазады зерттеуші. Қарашай-балқарлардың егін ору жұмыстарының өзі бір үлкен науқан болып соңында мейрамға алмасады. Егін орушыларға көп көңіл бөлініп олардың жағдайын жасап, мерекелерінде арнайы «асаба» тағайындалады. Ол барлық ұйымдастырушылық жұмыстармен айналысады. Тыныштықпен шалғыншылардың дұрыс тамақтануына, барлық жұмыс дұрыс бөлінгеніне т.б. көңіл бөледі. Оның да яғни асабаның да «Ақсақал» деген көмекшісі бар. Ол өзінің сөзтапқыштығымен әзіл-қалжыңдарымен, клоунадалық өнерімен барлығының көңілін табады. Оның аты «Теке» деп аталады. Көпшілік алдына шығатын кезінде текенің маскасын киеді, сөйтіп ол қара жүннен жасалған «ешкібас» адамға айналады. Маскада көзімен аузы, мұрны тұратын жерлері қызыл матамен тігілген, және мүйізі мен сақалы ақ жүннен жасалып бір-біріне байланып тұрады. Оның мүйіздеріне тиындармен темір бұйымдар байлап қойғандықтан олар ойын кезінде сыңғырлап өзіне көңілдерін бөліп тұрады. «Теке» ойнаған кезде әзіл-қалжыңы таусылмауы керек, көрермендерді күлкіге батыру оның басты мәселесі болып табылған.

Салт-дәстүр мен әдет-ғұрыпқа толы әдебиет, театрға арналған шығармалары көптеп қолданды. Әсіресе, XX ғасырдан бастап драматургия жанры қалыптаса бастады. Драмаларында салт-дәстүрін, әдет-ғұрпын, елдің тұрмыс-тіршілігін, әр түрлі мәселелерін сахна арқылы көрсетуге күш жұмсады. Этникалық мәдениет аясында сахналық өнер белгілеріне ие ғұрыптық емес халықтық ойын-сауық көріністері де орын алған. Бұған, ең алдымен, суырыпсалма-жыршылардың, жыраулардың өнері жатады. Бұл өнер түрі шынайы синкреттік сипатқа ие болып, әртүрлі жанрларды (поэзия, проза, драма, вокалдық өнер, аспаптық музыка, би) бір арнаға тоғыстырды.

Қазақ даласында «Қызыл керуен», «Ес аймақ» сияқты театрландырылған труппалар жұмыс жасағаны белгілі. Олар ел аралап спектакльдер, концерт, ойын-сауықтар қойып көрермендердің көңілін көтеретін. 1915 жылы қазақ жерінде ең алғаш толыққанды жазылған драматургиясы бар қойылым қойылды. Семей елінде оқытушылар семинариясында «Біржан Сара» спектаклімен шымылдығын ашқан болатын. Ал қазақтың кәсіби театрының ашылуы Кеңес үкіметі уақытында сол кездегі ел астанасы Қызылорда 1926 жылы 13 қаңтарда Қошке Кемеңгеровтың «Алтын сақина» трагедиясымен ашылғаны тарихтың ақтаңдақ беттерінен белгілі.

Солтүстік Кавказда алғашқы драматургия жанрының пайда болуы 1920 жылдарымен сәйкес келеді. Елдің қоғамдық-саяси өміріндегі революциялық өзгерістер жағдайында жүзеге асты. Драматургтер уақыттың ерекшелігін, тарихи жағдайлардың драматизмін, пьеса арқылы бейнеледі, кейіпкерлерді көркем түрде сұлбасын ашты. Сол уақыттарды Солтүстік Кавказдағы драматургия мен театрдың дамуына орыс және өзге ұлттар

классикасының оң әсері тиді. Әлемдік мәдениеттің идеялық-көркемдік мұрасын аударма арқылы меңгеру драманың жанрлық түрлерінің кеңеюіне және авторлардың шығармашылық әлеуетінің артуына ықпал етті.

«Kazakhs with the peoples of the Near East, Middle East and Far East go back into the depths of centuries, distant antiquity. Therefore, it is quite natural that Kazakh folklore contains a large number of plots and motifs common to many peoples of the East.» [15, 2-б.], – деп жазған.

Жалпы Түркі тілдес елдерге жақын мейрам ол Наурыз мерекесі. Әр елде Наурыз мерекесін әртүрлі атағанымен бірдей тойланады. Бүтін бір ұлттың таным-болмысын, өзіне тән жаратылысын зерттеген кейбір ғылыми еңбектерде қоршаған орта мен табиғат, аспан мен жер арасындағы магиялық көзқарастар негізінде туындаған салт-жораларды діни әдет-ғұрыптар, маусымдық халықтық мерекелер және отбасылық той-томалақтар деп үшке бөледі. Онда: «Діни әдет- ғұрыптарға өте ертеден қалыптасқан түрлі ырым-сырым, наным-сенімдермен бірге зорастр, будда, шаман, ислам діндерінен енген рәсімдер жатады. Ал маусымдық мерекелерге жалпыхалықтық тойлар-жыл басы тойы – Наурыз, жаз тойы – Қымызмұрындық, күз мейрамы – Мизам (шопандар тойы мен сабантой), қыс тойы – соғым енеді.. ал семьялық той- томалақтарға келсек, үйлену тойы, құрсақ шашу, қырқынан шығару, ат қойып, айдар тағу, тұсау кесер, тілашар, сүндет тойы, мүшел тойы, сапар тойы, жерлеу салттары осы топқа кіреді» делінген.

Аталмыш мерекелердің ішінде Наурыз мерекесі де түркі халықтарының маңызды мерекесі болып табылады. Наурызда күнмен түн теңесіп құрт-құмырскалар тірілетін кез, жан-жануарлар төледеп жаңа уақыт басталады деп сенген. Бұл мерекені армяндарда «наварсари», тәжіктерде «бәйшешек», «гүлнаурыз», гректерде «Патрих», хорезмдіктерде «наусарджи», буряттарда «сагаан сара», татарларда «Нардуган», түріктер «Невруз», чуваштарда «норис ояха», қазақтарда «Наурыз» деп атайды. Бұл мереке ғасырлар бойы түркі тілдес елдерде тойланып келеді. «Қазақ халқының өмірінде болып жатқан сан қилы оқиғаларды бастан – аяқ баяндап беретін ғасырлар бойы бірге жасасып келген әдет – ғұрып ойындар бар. ..Бұған жататын ойындардың негізгілері – «Наурыз» мерекесінде ойналатын ойындар. Осы мереке күні ойнайтын негізгі ойындар – «қалтырауық қамыр кемпір» және «ақ боран». Жалпы, қазақтың әдет-ғұрып ойындарының көпшілігі осы ойынмен басталады. Наурызда бұл ойындар екі жақтың тартысы арқылы ойналып, қыстың қысылшан қаттылығын бейнелейтін болған [16, 3–5-б.].».

Қазіргі кезеңде балқар әдебиеті өз үнін тауып, ұлттық ерекшелігі айқындалып, Солтүстік Кавказдың полимәдени кеңістігінде лайықты орынға ие болды. Эпикалық және поэзиялық жанрлардағы жетістіктер К. Кулиев, К. Отаров, Т. Зумакулова, М. Мокаев, З. Толгуров, А. Теппеев және басқа

да авторлардың есімімен тығыз байланысты болса, драматургия саласын эстетикалық тұрғыдан дамытуда Р. Геляев, И. Боташев, И. Маммиев, О. Этезов, А. Теппеев, М. Ольмезов сынды шығармашыл тұлғалардың рөлі зор болды.

Депортациядан кейінгі кезеңдегі ұлттық драматургия идеялық-тақырыптық және жанрлық әртүрлілігімен ерекшеленді: заманауи тұрмысты бейнелейтін комедиялар («Солтанның тағдыры» – И. Боташев, «Үйлену тойынан кейін» – И. Маммиев, «Ар» – А. Теппеев, «Көлеңкелер», «Жалған бедел» – Ж. Токумаев және т.б.) және адамның адамгершілік дамуының тарихи өзгерістер аясындағы кезеңдерін көрсететін пьесалар (тарихи-құжаттық және әлеуметтік-тұрмыстық драмалар: «Аруақтану кезінде», «Абрек» – И. Боташев, «Жаралы бұғы» – И. Маммиев, «Коммунист» – А. Теппеев). 1960–1970-жылдары авторлар шынайылықты боямалаудан, қақтығыссыздықтан, схемаға салынудан арылуға, драманың мазмұндық тереңдігін арттыруға ұмтылды. Бұл шығармашылық ізденістер бұрынғы онжылдықтарда драматургияны тежеген үрдістерден арылуға бағытталды.

Балқар әдебиеті күрделі даму жолынан өтті. Оның негізін туған халықтың фольклоры құрайды. Бірінші буын жазушылар үшін ауызекі халық шығармашылығы тек қана көркем шындықты бейнелеу формасы емес, сондайақ «халық даналығы мен естелігі, тарихи тәжірибе» болды

Драматургияны арнайы зерттеудің қажеті сахналық әдебиеттің жанрлық алуантүрлілігімен, стильдік ізденістерімен, образ типизациясы мен көркем шындықты бейнелеу тәсілдері мен құралдарының әртараптануымен де анықталады. Балқар драматургиясы эволюция барысында пайда болу, қалыптасу және даму сатысынан өтті. Өміршеңдігі бойынша ол көпұлтты отандық мәдениет қазынасына елеулі үлес қосқан бірқатар маңызды пьесалармен байыды. Балқар драматургтерінің шығармашылық тәжірибесін зерттеп, оны жүйелеу қажеттігі туындап отыр. Олардың үздік туындылары тек Солтүстік Кавказдың ұлттық оқырмандары мен көрермендерінің ғана емес, сондай-ақ еліміздің басқа халықтарының және шетелдердің де мәдени мұрасына айналды. Көптеген пьесалар басқа тілдерге аударылып, кең таралды.

Қазіргі уақытта балқар драматургиясын әдебиеттанулық тұрғыдан зерттеу шектеулі көлемде ғана жүргізілген. Ғылыми мақалалармен қатар, бұл салаға арналған газетжурнал басылымдары да бар, бірақ олардың көбісі шолулық сипатта болып келеді – тек белгілі бір кезеңдегі драматургияның жағдайын сипаттаумен шектеледі. Алайда З. Толгулов, А. Теппеев, Д. Маммиев, Ф. Урусбиева сынды авторлардың еңбектері ғылыми қызығушылық тудырады.

Ұлттық әдебиетке арналған монографиялық еңбектер ішінде қарашай әдебиеттанушысы Б. Борлаковтың «Соғысқа дейінгі қарашай-балқар драматургиясы» [14, 215-б.], – атты еңбегін атап өтуге болады. Бұл зерттеуде автор қарашай және балқар драматургиясының даму кезеңдерін көрсетуге, оның қалыптасу заңдылықтарын талдауға талпыныс жасайды. Кең көлемдегі тариххронологиялық материалға сүйене отырып, ұлттық драматургияның 1920–1930 жылдардағы даму көрінісін сипаттап, драмалық жанр мен халық ауыз әдебиеті арасындағы байланысты көрсетеді, соғысқа дейінгі драматургияны жанрлық ерекшеліктер тұрғысынан қарастырады. Дегенмен, Б. Борлаков өз зерттеуінде қарашай авторларының пьесаларын идеялықтақырыптық талдаумен ғана шектеледі.

1930–1970-жылдар аралығындағы балқар драматургиясының дамуын зерттеуге Ф. Урусбиева да өз үлесін қосты. Ол Р. Геляевтің «Қанды қалыңмал», И. Боташевтің «Таудағы таң», «Абрек», «Қырандар биікті ұнатады», И. Маммиевтің «Жаралы бұғы», «Үйлену тойынан кейін», А. Теппеевтің «Ар», «Сенің нұрың», «Коммунист» атты пьесалары шығармашылық тәжірибесіне сүйене отырып, ұлттық драматургияның өсіп-өркендеу үрдісін анықтайды.

Қазіргі таңда қарашай-балқар драматургиясы жаңа бағыттарда дамып келеді. Жас авторлары заманауи тақырыптарға, жаһандану, тіл мен мәдениетті сақтау, ұлттық сәйкестік мәселелеріне назар аударуда. Жаңа пьесалар кәсіби және әуесқой театр сахналарында қойылып жүргені осының дәлелі.

Қаржыландыру туралы ақпарат

Бұл мақала ҚР ҒЖБМ 2025–2027 жылдарға гранттық қаржыландыру негізінде «Әлеуметтік, гуманитарлық ғылым және өнер» Елдің зияткерлік әлеуеті бағыты бойынша АР26194993 «Драматургия мен театр өнерінің мәдени интеграция контексіндегі ғылыми парадигмасы (Солтүстік Кавказ аймағындағы түркі халықтары ноғай, құмық, гагауыз, қарайым, балқар, қарашайлардың қолжазба және қазіргі пьесалары негізінде)» атты жобасы қаржысының негізінде орындалды.

Қорытынды

Қорыта келгенде, солтүстік кавказдағы түркілер қарашай мен балқар драматургиясы – бұл ұлттық мәдениеттің маңызды саласы. Ол арқылы халықтың тарихи жолы, рухани болмысы мен дүниетанымы аталған пьесалардан көрініс табады. Бүгінгі күнде бұл драматургия заманауи үрдістермен үндесіп, өзекті мәселелерді көтере отырып дамып келеді. Сонымен бірге ұлттық әдебиеттануда поэзия мен прозаның жанрлықстильдік мәселелеріне арналған жаңа зерттеулер қанат жая түсті. Дегенмен, ғылыми әлеует белсенді болуына қарамастан, әдебиеттің драма саласы жеткілікті зерттелмеген күйінде қалып отыр. Сондықтан бұл ұсынылып отырған

зерттеу осы тақырыпқа алғашқы шолу мақсатындағы ғылыми жұмыс. Драматургиялық өнердегі кейбір жетістіктерге қарамастан, бұл мәселе кешенді зерделеуді және жалғасын күтетін өзекті зерттеу тақырыбы.

Пайдаланылған деректер тізімі

- 1 **Зульфукарова, М.** Дагестанская советская драматургия. [Текст]. – Махачкала : Дагкнигоиздат, 1965. – 240 с.
- 2 **Гусейнова, М.** Национальная литература кумыков (поэзия, драматургия, критика) [Текст]. – Махачкала : ИЯЛИ ДНЦ РАН, 2009. – 318 с.
- 3 **Сулганова, Г.** Дагестанская драматургия XX столетия [Текст]. – Махачкала : ИЯЛИ ДФИЦ РАН; Алеф, 2020. – 452 с.
- 4 **Манов, А.** Потеклото на гагаузите и тьхните обичаи и нрави [Текст] // Варна, 1938.
- 5 **Doerfer, G.** Die gagausische literature [Text] // Philologiae Tusciae fundam. T. 1. Wiesbaden, 1959. – P. 260–272.
- 6 **Узденова, Ф.** Карачаева-балкарская поэзия XX века : этнокультурная специфика, эволюция, жанры [Текст] // Автореферат диссертации на соискание ученой степени доктора филологических наук, 2020.
- 7 **Урусбиева, Ф.** Карачаево-балкарский фольклор (К вопр. о типологии развития жанров) [Текст] // Урусбиева Ф. А. – Черкесск : Ставроп. кн. изд-во, Карачаево-Черкес. отд-ние, 1979. – 95 с. : 16 см.
- 8 **Сарбашева, А.** Балкарская драматургия: этнофольклорная традиция, эволюция, жанровая специфика [Текст] // диссертация ... доктора филологических наук : 10.01.02 // Сарбашева Алена Мустафаевна; [Место защиты: ФГБУН Институт гуманитарных исследований кабардино-балкарского научного центра РАН]. – Нальчик, 2014. – 345 с.
- 9 **Shapauov, A.** Research in Dramaturgy [Text]. – Monograph. Print Publishing House. – Jerusalem. Israel, 2024. – P. 130.
- 10 Наурыз – Ел ұлықтаған Ұлы күн. Республикалық ғылыми конференция материалдары [Мәтін]. – Астана, 2018. – 296 б.
- 11 **Жұмақасева, Б.** Қазақ әдебиетін оқыту әдістемесі [Мәтін]: Оқулық. – Алматы: «Қыздар университеті» баспасы, 2015. – 242 б.
- 12 **Shapauov, A.** Stylistic and artistic peculiarities of dramatic works by Turkic nations of Central Asia and Caucasian region (based on materials of Kazakh and Azerbaijani an plays) [Text] // Life Science Journal, 2013; 10(11s). Impact-factor : 0.165. SJR:0,14. h-index:6 China-USA. [Electronic resource]. – <https://www.lifesciencesite.com>. 39 Scopus
- 13 **Қасқабасов, С.** Елзерде. Әр жылғы зерттеулер [Мәтін]. – Алматы : Жібек жолы, 2008. – 504-б.

14 **Борлаков, Б.** Карачаево-балкарская довоенная драматургия [Текст]. – Карачаево-Черкесское отделение Стравпольского книжного издательства, 1975.

15 **Aman Gumarov, Anar Yerkebay, Mukan Amankeldi, Nartay Yeskendirov, Bissenbayeva Zhanat.** Modern Interpretation of Turkic Epics on The Kazakh Stage. – Kurdish Studies Apr 2023 Volume: 11, No: 2. – P. 5994-6004. – ISSN: 2051-4883 (Print) | ISSN 2051-4891 Scopus (Online) [Electronic resource]. – www.KurdishStudies.net. [file:///C:/Users/%D0%9D%D0%B0%D1%80%D1%82%D0%B0%D0%B9/Desktop/%D0%92%D0%90%D0%9A,%20%D0%A1%D0%9A%D0%9E%D0%9F%D0%A3%D0%A1%20%D0%BC%D0%B0%D2%9B%D0%B0%D0%BB%D0%B0%D0%BB%D0%B0%D1%80%D0%B4%D1%8B%D2%A3%20%D0%A1%D0%A1%D1%8B%D0%BB%D0%BA%D0%B0%D0%BB%D0%B0%D1%80%D1%8B/2-Aman+research+88%20\(1\).pdf](file:///C:/Users/%D0%9D%D0%B0%D1%80%D1%82%D0%B0%D0%B9/Desktop/%D0%92%D0%90%D0%9A,%20%D0%A1%D0%9A%D0%9E%D0%9F%D0%A3%D0%A1%20%D0%BC%D0%B0%D2%9B%D0%B0%D0%BB%D0%B0%D0%BB%D0%B0%D1%80%D0%B4%D1%8B%D2%A3%20%D0%A1%D0%A1%D1%8B%D0%BB%D0%BA%D0%B0%D0%BB%D0%B0%D1%80%D1%8B/2-Aman+research+88%20(1).pdf)

16 **Төтенаев, Б.** Қазақтың ұлттық ойындары [Мәтін]. – Алматы : Қазақстан, 1991. – 256-б.

References

1 **Zul'fukarova, M.** Dagestanskaya sovetskaya dramaturgiya. [Dagestan Soviet drama] [Text]. – Maxachkala : Dagknigoizdat, 1965. – 240 p.

2 **Gusejnova, M.** Nacional' naya literatura kumy' kov (poe'ziya, dramaturgiya, kritika). [National literature of the Kumyks (poetry, drama, criticism)] [Text]. – Maxachkala : IYaLI DNCz RAN, 2009. – 318 p.

3 **Sultanova, G.** Dagestanskaya dramaturgiya XX stoletiya. [Dagestan drama of the twentieth century] [Text]. – Maxachkala : IYaLI DFICz RAN; Alef, 2020. – 452 p.

4 **Manov, A.** Potekloto na gagauzite i t`xnite obichai i nravi [It flowed in Gagauz and their customs and customs] [Text]. – Varna, 1938.

5 **Doerfer, G.** Die gagaussische literature [Text] // Philologiae Tucicae fundama. T. 1. Wiesbaden, 1959. – P. 260–272.

6 **Uzdenova, F.** Karachaeva-balkarskaya poe'ziya XX veka : e`tnokul'turnaya specifika, e`volyuciya, zhanry'. [Karachayeva-Balkarian poetry of the twentieth century: ethnocultural specifics, evolution, genres.] [Text] // Avtoreferat dissertacii na soiskanie uchenoj stepeni doktora filologicheskix nauk, 2020.

7 **Urusbieva, F.** Karachaevo-balkarskij fol'klor (K vopr. o tipologii razvitiya zhanrov) [Karachay-Balkarian folklore (On the question of the typology of genre development)] [Text] // Urusbieva F. A. – Cherkessk : Stavrop. kn. izd-vo, Karachaevo-Cherkes. otd-nie, 1979. – 95 p. : 16 sm.

8 **Sarbasheva, A.** Balkarskaya dramaturgiya: e`tnofol`klornaya tradiciya, e`volyuciya, zhanrovaya specifika [Balkarian drama: ethno-folklore tradition, evolution, genre specifics] [Text] // dissertaciya ... doktora filologicheskix nauk : 10.01.02 // Sarbasheva Alena Mustafaeвна; [Mesto zashhity` : FGBUN Institut gumanitarny`x issledovanij kabardino-balkarskogo nauchnogo centra RAN]. – Nal'chik, 2014. – 345 p.

9 **Shapauov, A.** Research in Dramaturgy [Text]. – Monograph. Print Publishing House. – Jerusalem. Israel, 2024. – P. 130.

10 Naury`z – El uly`ktagan Uly`kun. Respublikaly`k gy`ly`mi konferenciya materialdary`. [Text]. – Astana, 2018. – 296 p.

11 **Zhumakaeva, B.** Kazakh adebietin oky`tu adistemesi. [Methods of teaching Kazakh literature.] [Text]: Okuly`k. – Almaty` : «Ky`zdar universiteti» baspasy`, 2015. – 242 p.

12 **Shapauov, A.** Stylistic and artistic peculiarities of dramatic works by Turkic nations of Central Asia and Caucasian region (based on materials of Kazakh and Azerbaijani an plays) [Text] // Life Science Journal, 2013; 10(11s). Impact-factor : 0.165. SJR:0,14. h-index:6 China-USA. [Electronic resource]. – <https://www.lifesciencesite.com>. 39 Scopus

13 **Kaskabasov, S.** Elzerde. Ar zhy`lgy` zertteuler. [In Elzer. Research from each year.] [Text]. – Almaty` : Zhibek zholy`, 2008. – 504 p.

14 **Borlakov, B.** Karachaevo – balkarskaya dovoennaya dramaturgiya. [Karachay-Balkarian pre-war drama.] [Text]. – Karachaevo-Cherkesskoe otdelenie Stravpol'skogo knizhnogo izdatel'stva, 1975.

15 **Aman Gumarov, Anar Yerkebay, Mukan Amankeldi, Nartay Yeskendirov, Bissenbayeva Zhanat.** Modern Interpretation of Turkic Epics on The Kazakh Stage. – Kurdish Studies Apr 2023 Volume : 11, No : 2, pp. 5994-6004 ISSN: 2051-4883 (Print) | ISSN 2051-4891 Scopus (Online) [Electronic resource]. – [www.KurdishStudies.net.file:///C:/Users/%D0%9D%D0%B0%D1%80%D1%82%D0%B0%D0%B9/Desktop/%D0%92%D0%90%D0%9A,%20%D0%A1%D0%9A%D0%9E%D0%9F%D0%A3%D0%A1%20%D0%BC%D0%B0%D2%9B%D0%B0%D0%BB%D0%B0%D0%BB%D0%B0%D1%80%D0%B4%D1%8B%D2%A3%20%D0%A1%D0%A1%D1%8B%D0%BB%D0%BA%D0%B0%D0%BB%D0%B0%D1%80%D1%8B/2-Aman+research+88%20\(1\).pdf](http://www.KurdishStudies.net.file:///C:/Users/%D0%9D%D0%B0%D1%80%D1%82%D0%B0%D0%B9/Desktop/%D0%92%D0%90%D0%9A,%20%D0%A1%D0%9A%D0%9E%D0%9F%D0%A3%D0%A1%20%D0%BC%D0%B0%D2%9B%D0%B0%D0%BB%D0%B0%D0%BB%D0%B0%D1%80%D0%B4%D1%8B%D2%A3%20%D0%A1%D0%A1%D1%8B%D0%BB%D0%BA%D0%B0%D0%BB%D0%B0%D1%80%D1%8B/2-Aman+research+88%20(1).pdf)

16 **Totenaev, B.** Kazakty`n ultty`k oiy`ndary`. [Kazakh National Games.] [Text]. – Almaty` : Kazakstan, 1991. – 256 p.

17.07.25 ж. баспаға түсті.

31.07.25 ж. түзетулерімен түсті.

25.08.25 ж. басып шығаруға қабылданды.

*Н. Р. Ескендилов¹, К. К. Молгаждаров², А. А. Шапауова³,

Ж. Т. Кадыров⁴, Р. Ж. Алимбеков⁵

^{1,5}Казахский национальный университет

искусств имени К. Байсейитовой,

Республика Казахстан, г. Астана;

²Университет имени Ш. Уалиханова,

Республика Казахстан, г. Кокшетау;

³Индивидуальная творческая деятельность,

Республика Казахстан, г. Астана;

⁴Северо-Казахстанский университет

имени М. Козыбаева,

Республика Казахстан, г. Петропавловск.

Поступило в редакцию 17.07.25.

Поступило с исправлениями 31.07.25.

Принято в печать 25.08.25.

ФОЛЬКЛОРНЫЕ ЭЛЕМЕНТЫ В ДРАМАТУРГИИ И ТЕАТРАЛЬНЫХ ПОСТАНОВКАХ ТЮРКСКИХ НАРОДОВ (НА ПРИМЕРЕ ПЬЕС КАРАЧАЙ-БАЛКАР СЕВЕРНОГО КАВКАЗА)

В статье впервые рассматривается проблема фольклорно-драматургического наследия карачай и балкар – тюркоязычных народов Северного Кавказа, родственных казахскому этносу. Анализируется влияние устной народной традиции на становление и развитие театрального искусства. Особое внимание уделяется выявлению и интерпретации обрядово-традиционных элементов в структуре фольклорных драматических форм. Рассматриваются ранние проявления драматургии в устно-поэтическом фольклоре, художественные особенности рукописных и современных пьес, а также их идейно-смысловое наполнение. Отдельно анализируются культурно-духовные взаимосвязи с казахским народом, а также парадигма национально-этнической идентичности в контексте общетюркского культурного пространства.

Исследование проводится в рамках историко-культурного, хронологического, регионального и междисциплинарного подходов, впервые обеспечивающих системное осмысление драматургических процессов у тюркских народов Северного Кавказа. Подчеркивается, что общая культурная матрица тюркоязычных этносов формировалась с глубокой древности в

условиях интенсивных этнокультурных контактов и трансляции традиций.

Ключевые слова: карачаевцы, балкарцы, театроведение, драматургия тюркских народов, устная традиция, фольклорные формы, искусствоведение, культурная интеграция, тюркская идентичность.

*N. R. Eskendirov¹, K. K. Molghajdarov², A. A. Shapauova³,
Z. T. Kadyrov⁴, R. Zh. Alimbekov⁵

^{1,5}Kazakh National University
of Arts named after K. Bayseitova,
Republic of Kazakhstan, Astana;

²Sh. Ualikhanov Kokshetau University,
Republic of Kazakhstan, Kokshetau;

³Individual Creative Activity,
Republic of Kazakhstan, Astana;

⁴M. Kozybayev North Kazakhstan University,
Republic of Kazakhstan, Petropavlovsk.

Received 17.07.25.

Received in revised form 31.07.25.

Accepted for publication 25.08.25.

FOLKLORIC ELEMENTS IN THE DRAMATURGY AND THEATRICAL PERFORMANCES OF TURKIC PEOPLES (A CASE STUDY OF KARACHAY-BALKAR PLAYS FROM THE NORTH CAUCASUS)

This article for the first time addresses the issue of the folkloric and dramaturgical heritage of the Karachai and Balkar peoples – Turkic-speaking ethnic groups of the North Caucasus, who share ethnocultural ties with the Kazakh people. The study explores the influence of oral folk traditions on the emergence and development of theatrical art among these communities. Particular attention is paid to the identification and analysis of ritual and traditional elements embedded in the structure of folk dramatic forms. The paper examines early manifestations of dramaturgy in oral poetic folklore, the artistic features of both manuscript and contemporary plays, and their ideological and aesthetic content. Cultural and spiritual connections with the Kazakh people are also examined, along with the paradigm of

national and ethnic identity within the broader context of the common Turkic cultural space.

The research is conducted within a historical-cultural, chronological, regional, and interdisciplinary framework, providing a systematic interpretation of dramaturgical processes among Turkic peoples of the North Caucasus. It is emphasized that the shared cultural matrix of Turkic-speaking peoples has developed since ancient times through intensive ethnocultural contact and the transmission of traditional values.

Keywords: Karachai, Balkar, Turkic dramaturgy, oral tradition, folk forms, art studies, cultural integration, Turkic identity, theatre studies.

Теруге 25.08.2025 ж. жіберілді. Басуға 30.09.2025 ж. қол қойылды.

Электронды баспа

5,18 МБ RAM

Шартты баспа табағы 31,59. Таралымы 300 дана.

Бағасы келісім бойынша.

Компьютерде беттеген: А. К. Темиргалинова

Корректорлар: А. Р. Омарова, Д. А. Кожас

Тапсырыс № 4438

Сдано в набор 25.08.2025 г. Подписано в печать 30.09.2025 г.

Электронное издание

5,18 МБ RAM

Усл. печ. л. 31,59. Тираж 300 экз. Цена договорная.

Компьютерная верстка: А. К. Темиргалинова

Корректоры: А. Р. Омарова, Д. А. Кожас

Заказ № 4438

«Toraighyrov University» баспасынан басылып шығарылған

Торайғыров университеті

140008, Павлодар қ., Ломов к., 64, 137 каб.

«Toraighyrov University» баспасы

Торайғыров университеті

140008, Павлодар қ., Ломов к., 64, 137 каб.

67-36-69

e-mail: kereku@tou.edu.kz

www.vestnik.tou.edu.kz